

Как прощаются наши грехи на том свете

**ВОПРОС:** Ассаламуалейкум, Мейрам ага. Сізге сұрағым бар еді.

1) Сіздің видеоларыңыз бар еді ғой, "Күнәлар бұл дүниеде кешірілмейді, Қияметте Алла сауабымыз пен күнәмізді Мизан таразымен олшеп болғаннан кейін шешім шығарады" деп айтылатын, соған байланысты мынадай сұрақ болады, сонда истиғфар айтатын болсақ, тәубе ететін болсақ мына дүниеде кешірілмей, ана дүниеде кешірілетін болсақ, мына дүниеде беріліп жатқан ризық несібелер истиғфар еткенімізге байланысты, тәубе еткенімізге байланысты, басқа да діни нәрселер орындағанымызға байланысты қалай болады ол жағы?

2) Менде мынадай нәрсе болады(сонғы кездері жиілеп кеткен еді), "Мынадай нәрсе орындалмаса толық иман келтірген болмайды", "Оздерінді озгертпейінше Алла сендерді озгертпейді", "Дұға еткенмен әрекет болмаса дұрыс болмайды", "Дұға етудің әдебі болады, дұған қабыл болмай жатса дұрыс дұға етіп жатқан жоқсың", "Мұсылман адам мұндай болу керек", "Мұсылман адам сондай болу керек" және т.б. осыған ұқсайтын не нәрсе бар осылай айтылатын, сондай діни нәрселерді естігенде итеріліп тасталғандай боламын, тура бір өзім дұрыс мұсылман еместей жеткіліксіз сезініп, тіпті Құдайдың өзі қарсы тарапқа шығып кеткендей болады, тіпті Құдайдың тарапынан итеріліп тасталғандай боламын сондай нәрселерді естігенде, типі "сен өзің дұрыс емессің, басыңда проблема болса, проблемадан қоз ашпасан өзің кінәлісің. Дұған қабыл болмай жатса өзіңнен қор" дегендей нәрсе болып естіледі, тіпті жанына жұбататын, сүйіншілейтін, үміт беретін нәрселер айтылса да, мысалы "Алланың мейірімінен үміт үзбәндер", "Алла сені тастамады", "Алла мейірімді", "Алла сенің ішіндегі проблемаларыңды біледі", "Алланың мейірімі шексіз", "Алла сені жақсы қореді, жақсы қорған құлына сынақ береді" және т.б. не бар осыған ұқсайтын, солардың өзі әсер етпей қоятын кездері болады, естіген күннің өзінде де жанағыдай нәрсе мазалайтын еді, әлі күнге дейін мазалайды. Бұған қалай қарайсыз?

(Сұрағыма айып етпеңіз, егер басқаша сұрақ болса. Осындай сұрақтарға типі "осылай ойласаң, жақсы болмайсың. Алла оңдырмайды" деген сияқты және осыған ұқсайтын сөздермен кәудеден итерілмесе екен жауап ретінде)

## О дүниеде күнәлар қалай кешіріледі

Автор: Administrator  
17.11.2025 00:59 -

---

Бағдат

**ОТВЕТ:** уа алейкум ас саям Бағдат бауырым!

1)Мүнандай сұрақтарға тек жалғыз Аллаһ қана дұрыс жауабын бере алады. Бұл туралы ешқайда айтылмаған. Хадистарға келетін болсақ, өте көп хадис отірік болып табылады, сенуге болмайды, кейіннен күрастырылған. Ойткені Құранға қарсы келеді. Ал Құранға келетін болсақ, күнәлар бұл дүниеде кешірілмейді, тек О дүниеде Таразыдан өткенсон ғана Аллаһ шешім қабылдайды. Сондықтан менін ойым бойынша бұл дүниеде сұраған кешіріміміз жиналып, жазыла береді. Сосын жасаған сауабтарымызға қосылып, Таразының бір жағына қойылады. Екінші жағында жасаған күнәларымыз болады.

2)Бауырым бұл дегенін шайтанның істерінің бірі нәпсімен қосылған. Кезінде бәріміз өткенбіз осындай ойлардан. Өдейі нәпсі мен шайтандар жүрегінде сенімсіздіктің үшкінін тугызады. Егер осындай қайдағы жоқ ойларға ере берсең, діннен шығып кету қаупы бар, немесе көп сектанттың бірі болып кетуін мүмкін. Қазір иманын мен шайтанның азғыруы арасында күрес болып жатыр. Құранның аудармасын оқы бүрнеше рет, жүрегін орнына туседи, сабырлық пайда болады. Қайталап оқыған сайын көбірек түсінесің.